# Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 8-10 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 18 ақпандағы N 28-ө Өкімі

Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 8-10 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-чехия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 8-10 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тоқсанында кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы хабарлап отырсын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 18 ақпандағы
N 28-ө өкімімен
бекітілген

## Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 8-10 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республика-сының Үкіметі арасындағы Экономикалық, өндірістік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің күшіне енуі | 2005 жылдың І тоқсаны | Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жөніндегі қажетті мемлекеті-<br>шілік рәсімдерді жүргізу. | | Индустрия<br>және сауда<br>министрлігі |
| 2. | Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту және шарттық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу:<br>1) құқықтық көмек көрсету саласында:<br>а) Қылмыскерлерді беру туралы шартқа қол қоюдың мүмкіндігін пысықтау;<br>б) Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартқа қол қоюдың мүмкіндігін пысықтау;<br>2) білім саласында:<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Чех Республикасының Білім министрлігі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын әзірлеу;<br>3) туризм және спорт саласында:<br>а) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюдың мүмкіндігін пысықтау;<br>б) туризм және қонақ үй бизнесі саласында қазақстандық кадрларды қайта даярлау мен тағлымдамадан өткізудің мүмкіндігін пысықтау;<br>в) бірлескен оқу-жаттығу жиындары мен басқа да спорттық іс-шараларды өткізудің мүмкіндігін пысықтау. | 2005 жылдың<br>I тоқсаны<br>2005 жылдың<br>I тоқсаны<br><br>2005 жылдың<br>I тоқсаны<br><br>2005 жылдың<br>I тоқсаны<br><br>2005 жылдың<br>I тоқсаны<br><br>2005 жылдың<br>I тоқсаны | Қазақстан Республикасы Бас прокура-турасы (келі-сім бойынша)<br><br>Қазақстан Республикасы Бас прокура-турасы (келі-сім бойынша)<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт мини-стрлігі |
| 3. | Қаржы саласындағы ынтымақ-тастық: "Экспорттық кредиттерді және инвестици-яларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ мен Чех Республикасының экспорттық | | "Экспорттық кредиттерді және инвести-цияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кредиттерді сақтандыру жөніндегі корпорациясы арасындағы Ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюдың мүмкіндігін пысықтау. | 2005 жылдың I тоқсаны | сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы (келі- сім бойынша) |
| 4. | Өнерлік ынтымақтастық саласында: Астана қаласының әкімдігі мен Прага қаласы- ның мэриясы арасындағы Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы, денсаулық сақтау, мәдениет, білім, туризм және спорт салаласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қоюдың мүмкіндігін пысықтау. | 2005 жылдың I тоқсаны | Астана қаласының әкімдігі |
| 5. | Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаус арасындағы уағдаластыққа сәйкес Ямбург келісімдері бойынша берешек проблемасының Қазақстан Республикасы үшін қолайлы шешілуі мәселесін қарау. | 2005 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасы Әділет минис- трлігі, Қаржы министрлігі, Экономика және бюджет- тік жоспарлау министрлігі, Энергетика және минерал- дық ресурстар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық мұнай- газ компания- сы" акционер- лік қоғамы (келісім бойынша) |

Ескерту: барлық ақпарат Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне беріледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК